

қолданылады. Олар: теңіз тереңдігі 100 м дейін ӨКБҚ, ал бұданда көп тереңдіктерде ЖББҚ және БК пайдаланылады. 70 жылдардың басында 273 осындай қондырғылар құрастырылды; олардың 214 бірлігі пайдаланылады, солардың ішінде 108 ЖБҚ, 56 БК және 50 ЖББҚ болып табылады.

Шет елде флотты жоғары жоғары қарқынмен өсіп келетін жатқан осындай қондырғылармен қамтамасыз ету үшін тұтастай кемесалу өндірісін қалыптастыру тиімді деп шешілген. Мұнай фирмалары теңіз жағдайларында бұрғылаудың техникасы мен технологиясы ойлап табу мен жақсарту мақсатында көп жылдық ғылыми зерттеулер және тәжірибелік жұмыстық бағдарламалар жүргізілді. Бұл зерттеу бағдарламасы сонымен бірге теңізде терең ұңғымаларды бұрғылауды қарастыратын Мохол жобасында қамтиды. Бағдарламаның құны 400 млн доллар көлемінде. Осы қаржыны игеру мақсатында АҚШ-тың ірі зертханалары мен университеттері, ғылыми академиясы тартылған.

2.3 Бұрғылау қондырғылары

Бұрғылау қондырғылары және олардың басқа түрлері әлемнің әр түрлі бөліктеріндегі теңіздерде бұрғылау жұмыстарының шарттарына сәйкестендірілу үшін үздіксіз түрлендірілу үстінде. Қазірге кезде бұрғылау қондырғыларының келесідей түрлері қолданылады:

- Жер үсті бұрғылау қондырғылары
- Теңіз стационарлы платформалардағы бұрғылау қондырғылары
- Жартылай батпалы жүзбелі бұрғылау қондырғылары
- Өздігінен көтерілетін бұрғылау қондырғылары
- Бұрғылау кемелері
- Бұрғылау баржалары
- Көмекші кемелер

Жер үсті бұрғылау қондырғылары құрлықта және теңіздегі жасанды аралдарда бұрғылау үшін қолданылады.

Теңіз стационарлы платформалардағы бұрғылау қондырғылары негізінен пайдалану ұңғыларын бұрғылауға және өндіру ұңғыларында арнай жұмыстар жүргізу үшін пайдаланылады. Жалпы бір платформа бетінде бұрғыланған ұңғылардың саны олардың өнімділігіне, қабаттың фильтрациялы сыйымдылық қасиетіне және кеніштің өлшеміне байланысты 40-50 ұңғыдан аспайды. Көп жағдайларда бұрғылау жұмыстарынан кейін демонтаждалатын, басқа арнайы қондырғылармен ауыстыруға болады. Бұрғылау мұнарасы негізінен платформа бетінде орналасады.

ЖББҚ жүзбелі құрылымын негізінен жалпы тереңдігі 60-2500 м-ге жететін теңіз ұңғыларын бұрғылау үшін қолданылады. Бір жерден екінші жерге өзінде бар винтті гребнді жүйе арқылы буксирленеді. Көбіне ЖББҚ бұрғылау нүктелерінде тұрақты орналасу үшін шынжыр немесе тростар арқылы бекітіледі. Кейбір қазіргі заманғы қондырғылар бұрғылау кезінде тұрақтылығын дәл сақтап тұратын арнайы навигациялық және динамикалық позициялау жүйесі негізінен терең бұрғылау кезінде қолданылады.